

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Түркістан облысы

№28

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын " Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Шәмет Лиза Төлегенқызы атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Zhibek Zholy show technica" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Нұрмұхан Ербосын атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, 39-бап 3-тармақ 46-тармақша театр-ойын-сауық ұйымының, филармонияның, музейдің және мәдени-демалыс ұйымының, кинематография ұйымының, мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымының, телерадио хабарларын тарату ұйымының сахналық көрсетілімдерді жүзеге асыру және өнер туындыларын көпшілік алдында орындау үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы; «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң), «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 48 377 600.00 (қырық сегіз миллион үш жүз жетпіс жеті мың алты жүз тенге нөл тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

### **3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.



### 3.2 Өнім беруші:

- 1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;
- 2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

- 1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;
- 3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.  
Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;
- 4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;
- 5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:

- 1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;
- 2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

## **4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру**

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қолданады.



4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

## **5 Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) негізсерекерінің өндіріс еліне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі

Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.



7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс



беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## 12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

## 13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:  
"Түркістан қаласы әкімдігінің "Түркістан қалалық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны  
Туркестанская область, г.Туркестан, Кариз, 1  
БСН 030840006364  
БСК HSBKKZKX  
ЖСК KZ626017291000000412  
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ  
Тел.: 87014236622  
Директор Шәмет Лиза Төлегенқызы

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):  
"Zhibek Zholy show technica"  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
г.Астана, Желтоқсан, 2/1, 180  
БСН/ЖСН 140240004473  
БСК HSBKKZKX  
ЖСК KZ306017111000004489  
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ  
Тел.: 87071555523  
Басшысы Нұрмұхан Ербосын

Аббревиатураларды таратып жазу:  
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК – банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;



ҚҚС - қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>2024 қаржылық жыл</b>												



	" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Дыбыстық күшейткіш	музыкалық аспапқа арналған	16 Midas Pro микрофон алдын ала күшейткіші, фантомдық қуат беру мүмкіндігі + 48в 8 сызықтық деңгейдегі электронды теңдестірілген төмен ток шығысы Ultramet портының көмегімен дербес мониторинг жүйелеріне қосылу 2 X adat шығысы сплиттер режимінде немесе тәуелсіз көп тамырлы құрылғылар ретінде пайдалануға арналған 2 X AES3 порты (AES/EBU) Cat5/5e кабелін 100 м дейінгі қашықтықтан қосу арқылы қашықтан басқару MIDI I / O жарық пен дыбысты басқару пульті мен сахнада орналасқан MIDI құрылғылары арасындағы екі жақты байланыс үшін Neutrik ұсынған etherCON aes50 және Ultramet порттары Mute-All-Inputs Функциясы Әмбебап қуат көзі Мобильді қондырғыларда сенімді пайдалану үшін биіктігі 2U берік РЭК корпусы Өлшемі: 483 x 225 x 89 мм Салмағы: 4.7 кг	Дана	2	930 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (2)	0	1 860 000.00
--	--	--------------------	----------------------------	---	------	---	------------	---	---	---	---	--------------

#### 2024 қаржылық жыл

	" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Акустикалық жүйе	көп жолақты	Бір 18" төмен жиілікті сабуфер * * Жиілік диапазоны: 32 Гц-180 Гц(=3 дБ) 30Гц - 250Гц(-10 дБ) ° * LF: 1 x 18" (100mm катушкалар) LF динамигі * Қуат (AES): 1800 Вт/8ω ә * SPL максималды дыбыстық қысымы: 135дБ (peak) і * Тиімді қамту (- 6дБ): жан-жақты * Өлшемдері (W×W×G) және салмағы: 530 x 730 x 600 мм және 42кг	Дана	8	1 136 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (8)	0	9 088 000.00
--	--	------------------	-------------	---	------	---	--------------	---	---	---	---	--------------

#### 2024 қаржылық жыл

	" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Мамандандырылған кабель	микрофон үшін	NL4-0.6M	Дана	20	900.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (20)	0	18 000.00
--	--	-------------------------	---------------	----------	------	----	--------	---	---	--	---	-----------

#### 2024 қаржылық жыл



" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Кейс	прожекторлар үшін, алюминийден/шереден	Құрылғыларына арналған корпус	Дана	16	394 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (16)	0	6 304 000.00
--	------	--	-------------------------------	------	----	------------	---	---	--	---	--------------

#### 2024 қаржылық жыл

" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Процессор	арнайы және мамандандырылған техника үшін	* ЖИЛІККЕ ЖАУАП: + / - 1 ДБ (20 ГЦ-ТЕН 20 КГЦ-КЕ ДЕЙІН) * SNR: 92 дБ типтік (өлшенбеген) * Бұрмалау: 0,005% (0 ДБН кезінде 1 кГц) * DSP: 24 бит (40 битке дейін кеңейтілетін FPU) * Іріктеу жиілігі: 48 кГц * ADC / DC: 24 биттік 192 кГц жоғары ажыратымдылықтағы чип * Реттелетін параметрлер: негізгі күшейту, арнаны күшейту, кідіріс, эквалайзер түрлері, * Қосқыш: USB қосқышы (В түрі) / желілік қосқыш (2xj45 қосқышы) * Қуат көзіне қойылатын талаптар: 100В немесе 220В ~ (50-60Гц) * Өлшемдері мен салмағы: 483x44x229 мм және 4,6 кг	Дана	2	209 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (2)	0	418 000.00
--	-----------	---	--	------	---	------------	---	---	---	---	------------

#### 2024 қаржылық жыл



	" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Микрофон	динамикалық	Shure pg81-XLR сипаттамасы: PG сериясындағы аспаптық конденсатор микрофоны (reforgmanse Gear). Микрофон ең күрделі дыбыстық мәселелерді шешуге арналған. Қолдану аясы шексіз-бұл оркестрлерді жазу, концерттерді дауыстау және студиялық жұмыс. SHURE pg81-XLR аспаптық құралы акустикалық аспаптарды, гитараларды, фортепианоларды және шектерді дыбыстауға арналған. Бұл модельде дыбыстың барлық нюанстарын түсіруге қабілетті жоғары сезімтал, жеңіл диафрагма бар. Жоғары сезімталдық жиілік диапазонының бүкіл ендігінде сақталады. Микрофонның қуаты AA типті батареялардан немесе сыртқы фантомдық қуаттан алынады. Микрофонның берік металл корпусы және кіріктірілген соққыға қарсы қондырғысы бар. Корпуста қосқыш бар. Ол 4.57 М кабельмен, қысқышпен және сақтауға арналған сөмкемен бірге келеді. SHURE pg81-XLR техникалық сипаттамалары: Жиілікке жауап: 40-18000 Гц Бағыт: Кардиоид Байланыс: 3-pin XLR	Дана	7	94 800.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (7)	0	663 600.00
--	--	----------	-------------	--	------	---	-----------	---	---	---	---	------------

#### 2024 қаржылық жыл

	" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Тіреуіш	микрофонға, едендік	Микрофонға арналған "Тырна" типті телескопиялық микрофон тірегі Жиналмалы буындары бар алюминий негізі, "штатив" Биіктікті реттеуге арналған жезден жасалған Нейлон қысқышы Табиғи резеңкеден жасалған сырғанауға қарсы қақпақтар (табиғи резеңке) Жолақты реттеуге арналған сырғанауға қарсы салмақ Қара күңгірт жабын Биіктігі бойынша реттеу: 76-дан 145 см-ге дейін Салмағы: 2,7 кг	Дана	20	26 500.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (20)	0	530 000.00
--	--	---------	---------------------	---	------	----	-----------	---	---	--	---	------------

#### 2024 қаржылық жыл



" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Жалғағыш кабель	акустикалық жүйелерді қосу үшін	Сигнальные коммутационные кабели	Орама	3	85 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Сағаттарханов 49А (3)	0	255 000.00
<b>2024 қаржылық жыл</b>											



	" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Селекторлық пульт	жедел дауыс зорайтқыш байланысқа арналған, сандық	Техникалық сипаттамалары Өңдеу арналарының саны 32 кіріс арналары, 8 FX қайтару арналары, 8 аих шиналары Ішкі эффект процессорлары 8 стерео / 16 моно Ішкі көріністер саны (қосулы. алдын ала Күшейткіштер мен фейдерлер) 100 40 биттік өзгермелі нүктелік сигналды өңдеу А / Ц түрлендіргіш (8 арна, 96 кГц дайын) 24 бит, динамикалық диапазон 114 ДБ А-өлшенген С / а түрлендіргіш (стерео, 96 кГц дайын) 24 бит, динамикалық диапазон 114 дБ А-өлшенген 0.8 мс аналогтық енгізу-шығару кідірісі Желілік кідіріс (stage box кіру>консоль>stage box шығу) 1.1 мс Қосқыштар Бағдарламаланатын микрофон алдын ала күшейткіштері 32 TalkBack микрофонына кіру, XLR 1 RCA кіру / шығу 2 / 2 XLR шығысы 16 XLR / Jack баланстық 2 / 2 монитор шығысы Aux кіру / шығу, Jack балансы 6 / 6 Құлаққап шығысы, Джек 2 (стерео) Сандық AES / EBU шығысы, XLR 1 AES50, supermac, neutrik ethercon 2 порттары 32 арна аудио кіріс/шығыс кеңейту картасы, Әр түрлі стандарттар ULTRANET, P-16 қосқышы, RJ45 1 MIDI кіру / шығу 1/1 Ethernet, RJ45 1 USB А түрі, алдыңғы панель, аудио және деректер үшін Импорттау / Экспорттау 1 USB түрі В, артқы панель, қашықтан басқару үшін 1 Микрофон кірістерінің сипаттамалары MIDAS Pro Series алдын ала күшейткіштері THD + Шу, @ күшейту +40 дБ, 0 - +20 ДБН < 0.03% шығысы, өлшенбеген THD + Шу, @ кірісі 0 дБ, шығысы 0 ДБН < 0.01%, өлшенбеген	Дана	1	3 640 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Сағатханов 49А (1)	0	3 640 000.00
--	--	-------------------	---	--	------	---	--------------	---	---	--	---	--------------

2024 қаржылық жыл



	" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Дыбыстық күшейткіш	музыкалық аспапқа арналған	ШЫҒУ ҚҰАТЫ (8 ОМ СТЕРЕО): 4X 1300 BT ШЫҒУ ҚҰАТЫ (4 ОМ СТЕРЕО): 4X 2200 BT ШЫҒУ ҚҰАТЫ (2 ОМ СТЕРЕО): 4X 2400 BT ШЫҒУ ҚҰАТЫ (8 ОМ МОНО): 4X4400 BT ШЫҒУ ҚҰАТЫ (4 ОМ МОНО): 4X4800 BT ЖИЛІККЕ ЖАУАП: 20 ГЦ-25 КГЦ ± 0,5 ДБ THD + N (НОМИНАЛДЫ ҚҰАТЫ 4 ОМ / КГЦ): 0,1% СИГНАЛДЫҢ ШУ КОЭФИЦИЕНТІ: 110 ДБ ШЫҒУ ӨСІМІ: 23, 26, 29, 32, 35, 38, 41, 44 ДБ КІРІС КОННЕКТОРЛАРЫ (БІР АРНАҒА): ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАЛАНСЫ БАР 3 ІСТІКШЕЛІ XLR КІРІС КЕДЕРГІСІ: 20 КОМ ТЕҢДЕСТІРІЛГЕН; 10 ОМ ТЕҢГЕРІМСІЗ ШЫҒУ ҚОСҚЫШТАРЫ: NEUTRIK SPREAKON ҚОСҚЫШТАРЫ ҚҰАТ КӨЗІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР: 100V НЕМЕСЕ 220V ~ (50-60ГЦ) ӨЛШЕМДЕРІ МЕН САЛМАҒЫ: 483X377X88 ММ ЖӘНЕ 13 КГ	Дана	2	445 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (2)	0	890 000.00
--	--	--------------------	----------------------------	---	------	---	------------	---	---	---	---	------------

**2024 қаржылық жыл**

	" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Микрофон	оптоакустикалық	Shure blx24e/SM58 радио жүйесінің сипаттамалары Максималды шығыс деңгейі -20.5 дБВ (XLR), -13 дБВ (TS) 1 x XLR, 1 x 1/4" TS Jack шығысы Сезімталдық РЖ -105 дБ Ауытқу >50 дБ Қуат адаптері 12-18В/150ма Арналардың максималды саны 12 Өлшемдері 50 X 198 x 163 мм Салмағы 998 г Slx2/SM58 таратқышы FM модуляция түрі Шығу қуаты 10 мВт Сигналды күшейту/әлсірету диапазоны 10 дБ ABS корпусының материалы-пластик 2 AA батареясының қуаты Батареялардың бір жиынтығынан 14 сағатқа дейінгі жұмыс уақыты Өлшемдері 224 x 53 мм Салмағы 218 г Sm58 микрофон элементі, динамикалық, кардиоидты бағыт диаграммасы	Дана	10	434 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (10)	0	4 340 000.00
--	--	----------	-----------------	--	------	----	------------	---	---	--	---	--------------

**2024 қаржылық жыл**



	" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Күшейткіш	жоғарғы жиілікті радиобелгінің қуаты	* Шығу Қуаты (8ω стерео): 4x2200 вт □ * Шығу Қуаты (4ω стерео): 4x4000 ВТ □ * Жілік Реакциясы: 20гц-20кгц±1дб □ * THD+N (номиналды қуаты 4Ω / Кгц): 0,05% □ * Сигнал Шуының Қатынасы: 95дб * Жұмыс нұсқаулары: ЖАРЫҚДИОДТЫ және СКД дисплей көрсеткіші+сыйымдылықты түрту * Кіріс Қосқыштары( бір арнаға): еркек XLR және ӘЙЕЛ XLR (Neutrik) * Кіріс Кедегісі: 20кω теңдестірілген; 10кω теңгерімсіз * * Шығыс Қосқышы: Neutrik Speakon қосқыштары * Қуат Қажеттілігі: 200-240в немесе 50гц * Өлшемдері Мен Салмағы: 483x478x88 мм және 14 кг	Дана	2	1 245 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (2)	0	2 490 000.00
<b>2024 қаржылық жыл</b>												
	" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Кейс	проекторлар үшін, алюминийден/шереден	LA210 құрылғыларына арналған 6 бірлік корпусы	Дана	2	248 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (2)	0	496 000.00
<b>2024 қаржылық жыл</b>												
	" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Пюпитр	бүктемелі, металл	Негізгі сипаттамалары Биіктігі: 630-1000мм Өлшемі: 480 x 350 мм Базаның өлшемі: 650 мм Қаптама өлшемі: 680 x 130 x 215 мм Салмағы: 2.8 кг	Дана	20	24 900.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (20)	0	498 000.00
<b>2024 қаржылық жыл</b>												



" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Жалғағыш кабель	акустикалық жүйелерді қосу үшін	Камутационные кабели	Метр	300	1 450.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (300)	0	435 000.00
--	-----------------	---------------------------------	----------------------	------	-----	----------	---	---	---	---	------------

#### 2024 қаржылық жыл

" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Жиі түрлендіргіш интерфейсi	сыртқы дисплеяға арналған, жиілікті түрлендіргіштің	Қуат Тарату Қорабы ** Қуатты Бөлу: 16 а еркек / әйел қуат ашасы, 3X АЙНЫМАЛЫ ток еуропалық розеткалары * Динамик Қосқыштары : 1x N18mp Neutrik Динамик ұясы * 4x N14mp Neutrik Динамик ұялары * Сигналдың Таралуы: 4x x1g еркек / әйел розеткалары * Сәйкес Динамик: 4x LA110 + 4x LA110S; 8x LA110; 8x LA115 сериясы, CM,	Дана	2	394 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (2)	0	788 000.00
--	-----------------------------	---	--	------	---	------------	---	---	---	---	------------

#### 2024 қаржылық жыл

" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Антенна	портативті радиостанция үшін, стационарлық	Бағытталған типтегі белсенді антенна Әр түрлі брендтердің радио қабылдағыштарымен толық үйлесімділік Құрамында логопериодты антенна симметриялы вибраторлар торы бар Кірістірілген күшейткіш пен ауыспалы күшейту кабельдегі сигналдың жоғалуын өтейді 470-698 МГц радио диапазонында жұмыс істеу Кең жолақты жұмыс сипаттамалары Ол төбеге де, қабырғаға да орнатылады Стандартты бекіту жіптерінің арқасында тірекке орнатуға рұқсат етіледі Төмен профильді қара корпус	Дана	2	261 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (2)	0	522 000.00
--	---------	--	--	------	---	------------	---	---	---	---	------------

#### 2024 қаржылық жыл



" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Мамандандырылған кабель	микрофон үшін	NL4-5M	Дана	4	35 400.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (4)	0	141 600.00
--	-------------------------	---------------	--------	------	---	-----------	---	---	---	---	------------

#### 2024 қаржылық жыл

" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Мамандандырылған кабель	микрофон үшін	NL8-0.6M	Дана	12	14 900.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (12)	0	178 800.00
--	-------------------------	---------------	----------	------	----	-----------	---	---	--	---	------------

#### 2024 қаржылық жыл

" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Акустикалық жүйе	бір жолақтық	Қос 10 " сызықтық массив * Жиілік диапазоны: 50Гц - 16кГц(±3дБ) 40Гц-18кГц (- 10дБ) i * НЧ: 2 x 10" неодимий НЧ динамигі / жж: 1 X 3" неодимий компрессиялық драйвері. ** Қуат (AES): 500 Вт/1100 Вт/16 Ом ° * Максималды дыбыс қысымы: жж: 138ДБ SPL реак, жж: 131дБ SPL реак * Тиімді жабын (- 6дВ): 100°(Г) тігінен реттелетін ** Өлшемдері (В=W=Г) және салмағы: 303.4 x 730 x 464.5 м м және 35 кг ° * Коннекторлар: 2× NL8 коннекторлар * Корпус: 15мм 18мм Балтық қайың Фанера * Корпус жабыны: қара полиуретанды	Дана	16	849 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (16)	0	13 584 000.00
--	------------------	--------------	---	------	----	------------	---	---	--	---	---------------

#### 2024 қаржылық жыл



" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Микрофон	динамикалық	Салмағы: 284 г Өлшемдері( ВхШхГ): 157 × 32 × 32 мм Амплитудалық Жиілікке жауап: 40 Гц-15 кГц Амплитудалық Жиілікке жауап: Арнайы Сезімталдық: -56.00 dBV/Pa-1.60 mV/Pa Түрлендіргіш түрі: динамикалық Бағыт диаграммасы: кардиоид Ауыстырылатын FNF: жоқ Қосқыштар: 3 істікшелі XLR Аттенюатор: Жоқ Ауыстырылатын праймер: жоқ Негізгі ерекшеліктері: өнімділік Құлаққап шығысы: жоқ Картридж: Алынбайтын Гармоника АХХ:	Дана	8	84 500.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (8)	0	676 000.00
--	----------	-------------	--	------	---	-----------	---	---	---	---	------------

#### 2024 қаржылық жыл

" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Мамандандырылған кабель	микрофон үшін	NL4-20M	Дана	8	66 000.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (8)	0	528 000.00
--	-------------------------	---------------	---------	------	---	-----------	---	---	---	---	------------

#### 2024 қаржылық жыл

" Түркістан қаласы әкімдігінің " Түркістан қалалық мәдениет үйі " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Мамандандырылған кабель	микрофон үшін	NL4-0.6M	Дана	4	8 400.00	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Түркістан облысы, Түркістан қ. Түркістан қаласы, Б. Саттарханов 49А (4)	0	33 600.00
--	-------------------------	---------------	----------	------	---	----------	---	---	---	---	-----------



## Договор о государственных закупках товаров

Туркестанская область

№28

Государственное коммунальное казенное предприятие " Туркестанский городской дом культуры " акимата города Туркестан, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Директор Шәмет Лиза Төлегенқызы, действующий на основании Устав, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "Zhibek Zholy show technica", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Нұрмұхан Ербосын, действующий на основании Устав, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании пп.46 п.3 ст.39 приобретения театрально-зрелищной организацией, филармонией, музеем, культурно-досуговой организацией, кинематографической организацией, организацией образования в области культуры и искусства, телерадиовещательной организацией товаров и услуг для осуществления сценических представлений и публичного исполнения произведений искусства; Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон), государственных закупок способом «Из одного источника путем прямого заключения договора» заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

